ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 25 желтоқсан № 4360-24-00-2/3290 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Т.Қ.Жүсіпов,
сот отырысының хатшысы Ғ.Қуанышбаеваның қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электронды форматтағы азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қызылордажылуэлектроорталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Монолит Монтаж Групп» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫ ЖАҒЫНДА ДАУДЫҢ НЫСАНАСЫНА ДЕРБЕС ТАЛАПТАРЫН МӘЛІМДЕМЕЙТІН ҮШІНШІ ТҰЛҒА:
«АНСАР» атауымен әрекет етуші Аскар Жаксыбекович Прмаганбетов жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2.тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор Э.Пернебек
талап қоюшының өкілі Н.Нургабыл
жауапкердің өкілдері И.Куралбеков және Б.Ұ.Жұман

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

№ 1 және № 2 талаптар бойынша

2024 жылғы 2 қыркүйекте тараптардың арасында № 93 құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шарт (әрі қарай - шарт) жасалған. Аталған шарттың талаптарына сәйкес жауапкер қазандық мұржасына демонтаж және монтаж жұмыстарын жүргізу міндетін алған. Шарттың құны 2 736 160 теңгеге айқындалған.

Шарт оған қол қойған күннен бастап күшіне енеді әрі 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады. Шартқа тараптар түпкілікті 2024 жылғы 2 қыркүйекте қол қойған.

Шарттың орындалу мерзімі ол жасалғаннан кейін 15 күнтізбелік күн ішінде белгіленген.

Яғни жауапкер өзінің міндеттемесін 2024 жылғы 17 қыркүйекке дейін орындауы тиіс болған.

Талап қоюшы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюымен сотқа жүгініп, шарт бойынша жауапкер міндеттемені орындамағанын көрсетіп, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды және 2 736 теңге көлемінде тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған.

Жауапкердің талап қоюға берген қарсы пікіріне сәйкес талап қоюмен ішінара келіспей, жауапкердің шарттық міндеттемелерін орындауға ниеті бар екенін, шарттың орындалмауына талап қоюшы кінәлі болғанын, қазандық мұржасына демонтаж жасалғанын, жұмысты орындаудың соңғы күні талап қоюшы өкілдері жауапкердің қызметкерлерін объектіден себепсіз шығарып жібергендерін көрсетіп, талап қоюдың мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану бөлігін қанағаттандырусыз қалдырып, ал тұрақсыздық айыбын өндіру бөлігін сот құзыретіне қалдыратынын көрсеткен.

Талап қоюшының өкілі Н.Нургабыл талап қоюда көрсетілген уәждерін қолдап, шарт бойынша міндеттемелер жауапкермен орындалмағанын, жұмыс орындалу үшін ауыр техникалары болмағанын, сондықтан міндеттемелерін орындай алмағанын, аудан тұрғындарын жылумен қамтамасыз ете алмау қаупі туындағандықтан және жауапкер жұмыстарды орындамағандықтан, екінші рет мемлекеттік сатып алу жүргізіліп, қазандық мұржасына демонтаж және монтаж жұмыстарын үшінші тұлға «АНСАР» атауымен әрекет етуші А.Ж.Прмаганбетов жеке кәсіпкері жүргізгенін көрсетті.

Жауапкердің өкілдері И.Куралбеков және Б.Ұ.Жұман міндеттемесін 2024 жылғы 5, 6 қыркүйекте орындауға кіріскендерін, трубаны көтеру үшін кран болмай, оны Қазалы ауданынан іздеп таба алмағанын, Қызылорда қаласынан табылып, кран жүргізушісі 2024 жылғы 17 қыркүйекте келгенін, алайда тек түске дейін жұмыс істейтінін айтқанын, содан кейін талап қоюшы тарапынан жауапкердің қызметкерлері объектіден шығарылып жіберілгенін, көрсетіп, жұмысты орындауға тағы мүмкіндік беруін сұрап, талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Үшінші тұлға «АНСАР» атауымен әрекет етуші Аскар Жаксыбекович Прмаганбетов жеке кәсіпкері сот отырысына тиісті түрде хабарланғанына қарамастан қатыспады, қатыса алмау себептерін алдын ала хабарламады және істі өзінің қатысуынсыз қарау туралы өтінішпен жүгінбеген.

Сондықтан сот үшінші тұлғаның сот отырысына қатыспау себептерін дәлелсіз деп танып, істі Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (әрі қарай – АПК-нің) 196-бабына сәйкес оның қатысуынсыз қарауды ұйғарды.

Құжатқа қол қойылған: Жусупов Т. К., 30.12.2024
Заңды күшіне енген күні: 20.02.2025, судья Жусупов Т. К., 28.02.2025
4360-24-3-6/237

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№ 1 талап бойынша

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V Заңының (әрі қарай - Заңның) 12-бабының 4-тармағының 3)-тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі: өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда, тапсырыс беруші өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өзіне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей мұндай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (әрі қарай – АК-нің) 272-бабына сай міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

АК-нің 273-бабына сәйкес заңдарда немесе шартта көзделгеннен басқа реттерде міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді.

АК-нің 277-бабының 1-тармағына сәйкес егер міндеттемеде ол орындалатын күн немесе ол орындалуға тиісті уақыт кезеңі көзделсе немесе анықтауға мүмкіндік берсе, міндеттеме сол күні немесе тиісінше сол кезең ішінде кез келген уақытта орындалуға тиіс.

Сотта анықталғандай, талап қоюшы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен Заңда көзделген 30 (отыз) күндік мерзім ішінде сотқа жүгінген.

Іс-құжаттарына қарағанда, жауапкер шарт бойынша міндеттемесін онда көзделген мерзім ішінде, яғни 2024 жылы 17 қыркүйекке дейін орындамаған. Жауапкер шарт талаптарымен, техникалық ерекшелікпен, міндеттемесімен, шартты орындау мерзімімен танысып, конкурсқа қатысқан және ерікті түрде мемлекеттік сатып алу шартын жасаған.

Шарттың мерзімінде орындалмауына 2024 жылғы 5, 6 қыркүйекте ғана жауапкердің міндеттемені орындауға кірісіп, 2024 жылғы 17 қыркүйекте – шарттың орындаудың соңғы күні демонтаж және монтаж жасау үшін қажетті трубаларды көтеретін ауыр техника кранның болмауы негіз болған.

Сот отырысында куә ретінде айғақ берген З.Бекбосынов 2024 жылғы қыркүйек айында қазандық мұржасына демонтаж және монтаж жұмыстарын жүргізуге жауапкерде жұмыс істегенін, 2024 жылғы 6,7 қыркүйекте жұмыс істеуді бастап, алайда трубаларды көтеру үшін кран болмағанын көрсетіп, өзі

Құжатқа қол қойылған: Жусупов Т. К., 30.12.2024

Заңды күшіне енген күні: 20.02.2025, судья Жусупов Т. К., 28.02.2025

қайтып кеткенін, 2024 жылғы 17 қыркүйекте талап қоюшының жауапкердің қызметкерлерін объектіден шығарып жібергенін білмейтінін көрсетті.

Ал шарттың техникалық ерекшелігіне сәйкес жұмыстарды орындауға қажетті барлық құралдар, техника және тағы басқа жауапкермен қамтамасыз етілуі тиіс.

Шарттың 2.1. тармағына сәйкес орындаушы осы шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілетін шарттарға, талапқа сәйкес және баға бойынша жұмыстарды орындауға міндеттенеді.

Сот отырысында жауапкердің орындаған жұмыстарын қабылдау актісі табыс етілген жоқ.

Шарттың мерзімінде орындалмауына талап қоюшының 2024 жылғы 17 қыркүйекте (шартты орындаудың соңғы күні) объектіден шығарып жібергені туралы жауапкердің уәждері сот отырысында дәлелін тапқан жоқ және тиісті дәлелдемелер сотқа табысталған жоқ.

Жауапкердің жұмыстарды уақытылы орындамауына байланысты сол ауданның тұрғындарын, әлеуметтік нысандарды жылу маусымында жылусыз қалу қаупін тудырған. Алдын алу мақсатында және жауапкердің шарттық міндеттемесін орындаумауы негізге алынып, талап қоюшы үшінші тұлғамен қазандық мұржасына демонтаж, монтаж жұмыстарын жүргізуге мемлекеттік сатып алу шартын жасап, оның орындаған жұмыстары қабылданған.

Жауапкердің шарт бойынша міндеттемесін орындамауына байланысты ол мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылуға жатады.

Сондықтан талап қою қанағаттандыруға жатады.

АПК-нің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет пайдасына 1 846 теңге көлемінде мемлекеттік баж сомасы өндірілуге жатады.

№ 2 талап бойынша

АК-нің 293-бабына сәйкес борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Жауапкердің шарт бойынша міндеттемесін орындамауына байланысты тұрақсыздық айыбын өтеу тәртібі шарттың 8.3. тармағында көделген.

Жауапкер тарапынан жұмыстар орындалмағандықтан, тұрақсыздық айыбы төленуі тиіс. Талап қоюшы 2024 жылғы 18 қыркүйекке, яғни 1 күнге тұрақсыздық айыбын сұрап отыр. Сондықтан жауапкерден талап қоюшының пайдасына 2 736 теңге тұрақсыздық айыбы өндірілуге жатады.

АПК-нің 109-бабына сай жауапкерден талап қоюшының пайдасына 83 теңге көлемінде мемлекеттік баж шығыны өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Құжатқа қол қойылған: Жусупов Т. К., 30.12.2024
Заңды күшіне енген күні: 20.02.2025, судья Жусупов Т. К., 28.02.2025
4360-24-3-6/237

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қызылордажылуэлектроорталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танып, тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Монолит Монтаж Групп» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «Монолит Монтаж Групп» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен талап қоюшы Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қызылордажылуэлектроорталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның пайдасына 2 736 (екі мың жеті жүз отыз алты) теңге көлемінде тұрақсыздық айыбы және 83 (сексен үш) теңге мемлекеттік баж шығыны өндірілсін.

Жауапкер «Монолит Монтаж Групп» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге тараптар апелляциялық шағым, прокурор апелляциялық өтінішхат ол түпкілікті нысанда шығарылған күннен, ал сот талқылауына қатыспаған адамдар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына беруі мүмкін.

Судья **Т.Қ.Жүсіпов**

Құжатқа қол қойылған: Жусупов Т. К., 30.12.2024

Заңды күшіне енген күні: 20.02.2025, судья Жусупов Т. К., 28.02.2025

4360-24-3-6/237